

Иә, ұлтының ұлылығын дәріптеп, оның баянды бақыты жолында тыным сыз еңбек етер адамзат баласы болса Ақаңдай-ақ болар!

Ақаңның шынайы, шұғылалы, нағыз азаматтық бейнесін танып білу үшін мен қысқа ғана оның алғашқы шығармашылық өміріне тоқтала кетіп, әрмен қарай ұлт перзентінің образын ағаның өзімен кездесіп сомдауды жөн көрдім.

Еуразия ұлттық университетінің ол басқарып отырған журналистика кафедрасының есігін аштым. Тәрде, қабырғада түркі жұртын жаңғыртушы, ғалым Л.Н.Гумилевтің суреті ілүлі тұр. Қолына қаламын қыстырған Ақаң жазу жазып отыр.

— Амансыз ба, аға!

— Иә, бармысың, балам. Қалың қалай? Кел, сөйле.

— Пайғамбар жасына тақап қалған мерейтойыңыз құтты болсын, аға!

— Рахмет (қалтасынан шақшасын алып, насыбай атты).

— **Аға, кейінгі жылдары шығармашылықты ғылыми қызметке ауыстырдыңыз. Осыған қанағаттанасыз ба, әлде шығармашылыққа қолбайлау болды деп өкінесіз бе!**

— Мен орта жолда ат ауыстырған адаммын. Желтоқсан оқиғасына дейін негізінен көркем шығарма жазумен, журналистикамен айналыстым. Көркем шығарма саласында 4-5 кітабым шықса, журналистикада екі мыңдай мақалам жарық көрді. Содан желтоқсан оқиғасында маған журналистиканың есігі тарс жабылды, газет-журналда істеуге тыйым салынды. Мен амал жоқ, сағалап Ғылым Академиясына, Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына барып бос тұрған еден жуушының орнына лаборант болып орналастым. Сонан соң ғылымды бастадық. Сөйтсек бұл өзі бәрі тектес, бір-бірімен ұштас дүние, шығармашылық екен. Оның үстіне ұлтқа, халыққа, орысша айтқанда предметно ықпал етудің көркем шығармаға қарағанда ғылым әлдеқайда ұрымтал жол болып

САРЫАРҚА САҢЛАҒЫ

көрінді. Бұрында, әрине, қара жаяу болмауымыз керек, содан апыр-топыр тездетіп кандидаттық («Қазақтың дәстүрлі халық лирикасындағы қара өлең жанры» /1989 ж./), одан кейін докторлық («Қазақтың күй аңыздары» /1997 ж./) қорғадық. Енді, бәлкім, қалған өмірімді мен сол нақтылы ғылыми-көпшілік еңбектер жазумен өткізетін шығармын. Өйткені, көркем шығарма деген бұл да өнер, құдіретті дүние, адам қабілетінің ғажайып айғағы. Бірақ, бұл болып-толған елдің айналысатын шаруасы, яғни роман жазу, повесть жазу. Ал, біз сияқты тарихқа есесі кеткен елдерге нақтылы әрекет, нақтылы нұсқау, нақтылы сөз керек, авторлы ертеректің көрегі жоқ. Сондықтан, мен ғылыммен айналысқаным, қал-қадірімше сол салаға үлес қосып жүргеніме өкінбеймін.

Ал, енді, университет шығармашылығыма қолбайлау емес, түптеп келгенде бұл да ғылыми мекеме. Оның үстіне қазіргі жоғары оқу орындары ғылым мен білім беруді тең ұстау талаптарын ұстанып отыр. Біздің Еуразия университетінің ішкі құрылымының өзі соған бейімделуде. Бізде қазір баяғыдай деканат деген жоқ, ректорат, одан кейін институт бар. Демек, институт деген ол ғылыммен айналысатын мекеме, әрі білім береді. Бұл бірте-бірте Европалық ЖОО-ның үлгісіне ден қою, сол тұрғыда әрі қарай білім беру жүйесін дамытуға ден қою деген сөз. Бұл ретте ЖОО-да ғылым біліммен тең деп айтуға болады. Ол жөнінен менің қолым байланып отыр деп айта алмаймын. Керісінше, университетке келу ғылыми ізденістеріме қосымша дем бергендей.

— **Студент кезіңізде жастардың «Қайнар» атты журналының редак-**

торы болғаныңыз белгілі.

— «Қайнар» журналын біз университеттің 2 курсында шығардық. Бұның бас редакторы мен және мына Ақмола облыстық газетінің қазіргі бас редакторы Жомарт Әбдіхалық екеуіміз болдық. Бірақ, біз өзімізді көрсеткеніміз жоқ, ұжымдық еңбек қылып шығардық. Алғашқы сандарында таза студенттік шығармашылықтар көрініс тапса, үшінші-төртінші санынан бастап ұлттың сөзін сөйлеп, ұлттық мүдделер, ұлттық проблемалар туралы материал бере бастадық. Тіп, азаттық, мемлекеттік салт-дәстүр проблемаларын қозғай бастадық. Сонсоң бізге шынын айтқанда МҚК (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) тыйым салды. Бірақ ол тыйым салғанымен, шығармашылығымызды тоқтата алған жоқ, сол кездегі алған екпін, сол кездегі ұстанған позиция, принцип-ұстанымдар өмірімізге азық болып келе жатыр ғой.

— **Сіздің Л.Гумилевпен танысығыңыз, ортақ пікірлестігіңіз жөнінде өңгіме көп...**

— Гумилевті жолықтырмай, танымай тұрғанда алдымен оның еңбегіне ынтықтық. Өйткені, Гумилев еңбектерінің бұрқырап шыға бастауы біздің студенттік өміріміздің соңғы жылдарына тап келді. 1967 жылы оның «Байырғы түріктер» деген еңбегі шықты. Оның алдында «Қиял патшалығын іздеу», «Қытайдағы хундар» дейтін кітаптары шыққан. Біз осыларды оқығанда есімізден танып қала жаздадық. Өйткені, бізге мектептен бастап университетте қазақ халқы Қазан төңкерісіне дейін артта қалған көшпелі халық деп бір-ақ концепцияны оқытатын. Не мемлекет, не ұлт болып қалыптаспаған, қаңғып көшіп-қонып

жүрген көшпелі, жабайы тайпа деп оқытатын. Бірақ оған жүрегіміз онша сенбейтін, сенбегенмен дәлеліміз бола бермейтін, тарихи еңбектер қолымызда болмайтын. Содан Гумилевті оқып жіберген уақытта мына шеті Қытай, мына шеті Еуропа-Византия, мына шеті араб-парсы елдерін айтқанына көндіріп, айдауына жүргізген ұлы көшпелілер империясының бірнеше рет шаңырақ көтергенін біліп, біз қайран қалдық. Жүрегімізге сенім ұялады. Сонсоң бұл кісімен қайтсек танысамыз, бұл кісіге қалай жақындасамыз деген үлкен көкірегімізде арман болды. Сөйтіп жүрген уақытта «Литературная газетаның» бөлім меңгерушісі Ирма Мамаладзе дейтін әйеп келіп Қазақстандағы жас жазушылардың шығармалары туралы арнайы тапсырмамен газетіне үлкен бір беттік шолу мақала берді. Ол кезде мен «Егемен Қазақстан» сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде әдебиет-өнер бөлімінің меңгерушісімін. Партиялық газет жетекші, бәріне бас-көз болып отыратын. Тікелей менімен көп сөйлесіп, біраз деректер алды. Ол кезде партиялық этика солай болатын. Сөйтсек, Ирма Мамаладзениң жұбайы қазіргі Гумилевтің 15 томдығын шығарып жатқан, соның бас редакторы болып отырған Айдар Құрықшы дейтін Қырым татары екен. Әдіріс алмастық та, мен Мәскеуге бір барғанымда Айдар Құрықшы, Ирма Мамаладземен хабарласып үйінде қонақта болдық. Сөз арасында әлгілер Гумилевті сөз етті. «Ойбай-ау, ол кісі арманымыз ғой» деп мен жабыса кеттім. Содан ертеңінде мені Айдар Құрықшы Гумилевтің үйіне алып барды. Осыдан бастап Гумилевпен таныстығым жалғасты, өле-өлгенше байланысып

тұрдық.

Мен түркі халықтарының ішінде бірінші болып Л.Н.Гумилевтің еңбегін қазақ тіліне аудардым. Оны «Жұлдызға» бастырдым. Ол еңбегі «1380 жылы туған» деп аталады, әйгілі Куликово шайқасына арналған көлемді еңбегі еді. Осыдан кейін-ақ Гумилевқа қазақ оқырмандары ден қоя бастады, қазақ қаламгерлерінің ішінен оның еңбегін аударуға ынта білдіргендер шықты. Нәтижесінде, «Байырғы түркілер», «Қиял патшалығын іздеу» еңбектері қазақ тіліне аударылды. Одан кейін осы университетте (Еуразия университеті) жүрген Эльза Дінмұхамедова әдемі фильм түсірді. Ол фильمنىң негізгі идеясы, негізгі кейіпкері Л.Н.Гумилев. Бұл фильм кезінде Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып, ала алмай қалды.

Кейін Л.Н.Гумилевпен мен магнитофон таспасы арқылы хат жазысып тұрдым. Ол бір мода қуғандық емес, біздің соңымызда ол кезде КГБ тыңшылары болды да, ондай хикметті басынан көп атқарған Л.Н.Гумилевтің ақылымен сенімді адамдар арқылы біз хат-хабар алмасып тұрдық. Қазір менде Л.Н.Гумилевтің сондай бір хатының дауысы бар. Менде ол кісінің отызға тарта хаты болып еді, тамаша идеялары бар еді. Сол кудалауда жүрген кезде, желтоқсан оқиғасына байланысты олардың (таспаларды) көбісін жойып жіберуге мәжбүр болдым. Ал, жаңағы бір дауыс өндер жазылған кассетаның ішінде қалып қойыпты. Осы күні соны мен жақсы сақтап жүрмін. Ал, енді, жалпы Л.Н.Гумилевтің идеясы көп қызықтырмайды, шындығымызды айту керек, Л.Н.Гумилев еңбектеріндегі деректер тұңғыш рет айналымға түскен деректер мені қызықтырады. Оның

еңбектеріндегі деректер тарихқа, этнологияға, этогенезге ден қойған кез келген адамның айналып өтуге болмайтын дүниесі деп есептеймін. Осы тұрғыдан келгенде бұл кісінің кітабына мен жиі-жиі назар аударып, қарап отырамын. Гумилевқа қатысты менің айтарым осындай.

– **Аға, өкіге аяқ басқан немереңіздің есімін Тарлан қойыпсыз. Бұл ұлттық «Тарлан» сыйлығының символынан туған ба, елде, өз жүрегіңіздің қалауы ма!**

– Бүкіл балаларымның, немерелерімнің атын тек мен қоямын. Ол, енді, менің бірінші, өзімнің эгоистігім болуы керек, екінші, балажандығым болуы керек, үшіншісі, маған ерік беріп отырған балаларымның мені сыйлайтыны болуы керек. Осы ретте мен ұстанатын бір принцип бар. Ол – есімнің қайталанбағандығын жақсы көрем. Себебі, мысал үшін, біреу Абылай деп қойып жатыр, біреу Нұрсұлтан деп қойып жатыр. Өте жақсы үмітпен, жақсы ниетпен қойылған. Ал, бірақ, сол үміт ақталмай қалса не болады? «О, атаңа нағылет Абылай» деп жатса масқара ғой, сондықтан, есімнің қайталанбағаны жақсы. Қайталанбаған есімдер табу қиын. Сонсоң, мен ұлдан туған тұңғыш ұл немереме әрі ойлап, бері ойлап, осы бір жақсы ат қой деп соған тоқтадым. Ал, енді, «Тарлан» сыйлығы бүгін бар, ертең жоқ, өткінші нәрсе. Бұл Тарлан сөзі біздің қазақтың тілінде өте бір жақсы мағынада, оның үстіне бұның кез келген елдің тілінде дыбысталуы бір өзгермейді. Сол жағын да ескердім.

Алпыстың аясына аттаған Арқаның Ақселеуі ұлтының бағына туған арқалы азамат.

Ернар КҮЛМАҒАМБЕТ.

АСТАНА қаласы.